

ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОРИКА

ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ И ФОЛЬКЛОРИСТИКА

МҒТАР 17.01.61

DOI: [10.59102/kufil/2023/iss4pp70-80](https://doi.org/10.59102/kufil/2023/iss4pp70-80)

Т.Р.Абдықадырова¹, Г.Т.Абдыханова², Ж.А.Агабекова³

¹М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз, 080000, Қазақстан Республикасы

³Назарбаев университеті, Астана, 010008, Қазақстан Республикасы

М.Х.ДУЛАТИДЫҢ «ТАРИХИ-РАШИДИ» ЕҢБЕГІ - ӘДЕБИ-КӨРКЕМ ШЫҒАРМА

Мақалада орта ғасыр ғұламасы, қазақ халқының тұңғыш тарихшысы, қаламгер, ақын, қолбасшы Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарихи-Рашиди» еңбегінде көтерілетін әдебиет мәселесі сөз болады. Ел өміріндегі басты тарихи оқиғаларды, мемлекет тағдырын, сол оқиғалардың бел ортасында болған тарихи тұлғалардың өмірі мен тағдырын эпикалық тыныспен суреттеу арқылы автор «Тарихи-Рашиди» шығармасын XV-XVI ғасырлардағы қазіргі Қазақстан, Өзбекстан, Шығыс Түркістан, Ауғанстан, Үндістан, Тибет елдерінің тарихын, географиясын, әдебиеті мен мәдениетін көрсететін өте бағалы әрі таптырмас дереккөз ретінде танытады. Мақалада М.Х.Дулатидың туындысы дидактикалық, философиялық-психологиялық тұрғыдан талданып, еңбектің тарихи-танымдық әдеби шығарма екені дәлелденеді. Жазушының мемлекет басқару ісіне қатысты ойлары Ж.Баласағұнның «Құтты білік» дастанымен сабақтастырыла, салыстырыла талданады.

Кілт сөздер: Дулати, Тарихи-Рашиди, Моғолстан, тарих, әдебиет, жазушылық өнер, проза, поэзия

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Мырза Мұхаммед Хайдар Дулати – орта ғасырда өмір сүрген түркі халықтарына ортақ ғұлама-ойшыл. Ол осы күнгі қазақ, қырғыз, өзбек секілді түркі халықтары ұлт боп ұйып, тарих сахнасына көтеріле бастаған кезде өмір сүрді. Бұл кезең Жошы ханның Батыс Сібірді мекендеген кіші ұлы Шайбан әулетінің Орта Азия мен Ауғанстан һәм Хорасанды да уысында ұстаған Әмір Темір ұрпақтарынан Мауараннаһрді тартып алмақ боп белін бекем бұған, феодалдық соғыс өрті тұтанып, аласапыран шақ туған тұс еді. Сондықтан да болашақ ғалым өмірінің көпшілігіналдымен Орта Азия, сонан соң Шығыс Түркістан мен Ауғанстан, Тибет пен Бадахшан, Үндістан жағында өткізген болатын. Оның көбінесе ат үстінде, жорықтарда жүрсе де, сол кездегі ғылым, білім тілі – парсы тілінде «Тарихи-Рашиди» атты Орталық Азия халықтарының XIV-XVI ғасырлардағы тарихы, этнографиясы мен географиясы, әдебиеті мен мәдениеті жайлы тамаша классикалық туынды жазып қалдырғаны тарихтан белгілі.

«Тарихи-Рашиди» – XV-XVI ғасырлардағы қазіргі Қазақстан, Өзбекстан, Шығыс Түркістан, Ауғанстан, Үндістан, Тибет елдерінің тарихын, географиясын, әдебиеті мен мәдениетін зерттеп жүрген ғалымдар үшін өте бағалы әрі таптырмас дерек көзі. Бұл шығармада бір кездері іргелес жатқан бүкіл түркі халықтарының қоғамдық-әлеуметтік өмірі, тыныс-тіршілігі суреттеледі. «Тарихи-Рашиди» шығармасының көркемдік жетістігіне тарихи шындықты айшықты бейнелеу, теңеу, эпитет, салыстыру арқылы баяндау, сол кезең оқиғаларын шынайы жеткізу, оқырманды әр образдың тағдыры турасында бей-жай қалдырмау, ойланту, т.б. жатады. Барлық әңгімелер қосымша өлең жолдарымен ұштасып, тарихи оқиға немесе бір халықтың өмірі көз алдымызда жанды да әсерлі көрініске айналады.

Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарихи-Рашиди» еңбегін қазақ халқының төл тарихы, шын шежіресі деуге болады. Бұл еңбек қазақстандық және алыс-жақын шетелдік ғалымдардың еңбектерінде зерттелген. Өзбекстандық зерттеуші Е.Хазратқұлованың «The Role Of Letters In “Baburnoma” And “Tarihi Rashidiy”» мақаласында ғалым Ә.Науаи мен М.З.Бабырдың хат алмасулары жайында айта келе, олардың хат алмасуының маңызды аспектілеріне тоқталады. Сондай-ақ мақалада М.Х.Дулатидың «Тарихи-Рашиди» еңбегіндегі автордың жазу ерекшелігі қарастырылады. Автор Бабыр мен Хайдардың жазу стиліндегі ұқсастықтары мен ерекшеліктерін герменевтикалық әдістер арқылы зерттейді [1].

Сонымен қатар ғалым И.Жеменейдің қосалқы авторлармен жазылған «Translations and manuscripts of the work «Tarih-i-Rashidi» атты мақаласында «Тарихи-Рашиди» еңбегінің аудармасына сипаттама жасалып, оның қазақ тарихында алатын орны айтылады. Мақала авторлары Мырза Хайдардың еңбегін география, философия, тіл және т.б. зерттеулерде дереккөз ретінде пайдалануға болатынына тоқталып, «Тарихи-Рашиди» қолжазбасының нұсқаларын сипаттай келе, оған тарихи тұрғыдан баға береді [2].

Қазақ халқының тарихы Моғолстан мемлекетінің қалыптасуымен тікелей байланысты екенін Хайдар Дулати кезінде айтқан болатын. Моғолстан - ежелгі үлкен мемлекет. Себебі ол географиялық жағынан шығысында Ертіспен, солтүстігінде Балқаш көлімен, батысында Түркістан мен Ташкент қалаларымен, оңтүстігінде Қағариямен шектесетінін бәріміз білеміз. XIV ғасырдың екінші жартысында Мәуераннахрды қайтарып алу үшін Моғолстанның алғашқы хандары Тоғлұқ-Темір мен Илияс-Қожа бірқатар соғыстар жүргізіп, тарихта із қалдырды.

Жетісу өңіріндегі билік Әмір Қамараддинге көшкен кезде Орта Азия билеушісі Әмір Темір Моғолстан жеріне бірнеше рет соғыс ашты. Сол уақытта Моғолстан билеушілері Әмір Қамараддин Дулат, Еңке Төре, Қызырқожа хан және Ақ Орда билеушісі Тоқтамыс хан бірігіп, Әмір Темірге қарсы шыққан болатын. XV ғасырдың екінші жартысында мемлекеттің өзара ішкі қақтығыстары көбейіп, қазақ руларының біразы Дешті Қыпшақты тастап кеткені тарихтан белгілі. Қазақтың тұңғыш хандары боп есептелетін Жәнібек пен Керей Жетісуға көшкен мезгілде оларды Шу өңіріне бастап барғанына да тарих куә. Моғолстан ханы Есенбұға Шу өзені мен Қаратау маңынан көшкен қазақтарға қоныс беріп, Жәнібек пен Керей Жетісуда Қазақ хандығының негізін қалаған болатын. Қазақтың алғашқы хандары мен олардың көрші елдермен қарым-қатынасы осы «Тарихи-Рашиди» еңбегінде алғашқы рет сөз болады. Сондықтан қазақ халқының тарихы, әдебиеті, мәдениеті т.б. жайында сөз қозғаған ғалымдар мен қаламгерлер осы еңбекке соқпай өтпеген.

Керей ханның ұлы – Бұрындық хан, Жәнібек ханның ұлы – Қасым хан, т.б. туралы аса маңызды деректер де осында айтылған. Осы күні қазақ халқының этникалық құрамын құрайтын тайпалар туралы Хайдар Дулати өз еңбегінде айқын деректер жазып, тарихта тайпалардың арасында болған алауыздықтардың халыққа әкелген қиыншылықтарын, соның салдарынан сыртқы жаулардың жасаған қанды қақтығыстарын үлкен шеберлікпен суреттейді.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

«Тарихи-Рашиди» туындысы тарихты тізбектеп қана баяндап қоймайды. Дулати еңбегінде қанатты сөздер, мақал-мәтелдер молынан ұшырасады және әдеби салыстырулардың көптеген түрлерін кездестіруге болады. Бұл шығармада көркем шығармаға тән оқиға желісін байқаймыз, туындының композициялық құрылымы жағынан да құрылуы өте сәтті шыққан. Метафора, метонимия, эпитет, теңеу т.б. көркем шығарманың өн бойында кездесетін негізгі элементтердің орнымен қолданылуы жазушының нағыз шебер екендігін көрсетеді.

Белгілі бір оқиғаны баяндап келе жатып, біртіндеп басқа оқиғаны суреттеуге көшу және оқиғаның бастапқы желісіне оралу тарихи зерттеудің құрылым-жүйесі үшін жат болғанымен, ал тарихи-көркем шығарма композициясы үшін негізгі көркемдік әдіс болып табылатыны да

оқырманға үлкен ой тастайды. Шығарманың поэтикалық болмысын анықтауда автордың өзіндік ерекшелігі де осы тұста көрінеді. Әдебиет теориясында бұны белгілі бір оқиға желісін баяндауды тоқтатып, басқа оқиғаны сипаттауға мүмкіндік беретін тәсіл деп атайды. Бұл көркем әдебиетте, тіпті қазақ халқының ауыз әдебиетінде де молынан қолданылған поэтикалық әңгімелеу әдісі болып саналады.

М.Х.Дулати шығармашылығынан байқалатын басты ерекшелік – халықтың өміріндегі басты тарихи оқиғаларды, мемлекет тағдырын, оқиғалардың ортасында өмір сүріп жатқан тарихи тұлғалардың тағдырын үлкен эпикалық көріністе суреттеу. Мұнда автордың өмір құбылыстарын суреттеуде лирикалық әдісті шеберлікпен пайдаланғаны байқалады. Лирикалық баяндаудың эпикалық кең тынысы мен психологиялық нәзік желісін шебер үйлестіру, адамның заманауи келбеті мен бет-бейнесін жасау, адам жанының терең шындығын ашу, оның мінезін даралау – суреткерлік шеберлікті көрсететін негізгі көркемдік факторлар.

«Тарихи-Рашиди» авторының шығармашылық табыстарының бірі – тарихи тұлғалардың бейнелерін шынайы әрі көркем суреттеп, олардың сыры мен шындығын, кейіпкерлері мен олардың мінез-құлықтарын терең көркемдік таныммен суреттей білуі. Шағын тарауларда да автор суреттелетін құбылыстың мәнін ашып көрсетіп, белгілі бір жағдайда кейіпкерінің психологиялық портретін шебер жасайды, өз дәуірінің көркем ойынан асып түсетін дамыған эпикалық-лирикалық суреттеу үлгісін жасайды.

Сондай-ақ автор белгілі бір тарихи деректерге қатысты өз ойын дидактикалық, философиялық-психологиялық тұрғыдан талдап, түсіндіретіні де шығарманың арқауынан сезіліп тұрады. Мұхаммед Хайдар Дулати «Тарихи-Рашидиді» жазуда өзін шебер жазушы, дарынды ақын санамағанымен, оның жазушылық шеберлігі оқиғаның әрбір сәтін суреттеуінен тайға таңба басқандай көрінеді. Пернелі жолмен жазылған тұстарды түсіндіру қиын болған кейбір жерлерді ол термелі жыр кестелерімен жеткізіп отырады.

Дарынды сөз зергері Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарихи-Рашиди» шығармасы тек тарихи деректердің баға жетпес қайнар көзі ғана емес, сонымен бірге қазақ халқының көркем әдебиетінің шоқтығы биік жәдігері болып табылады. Шығыс халықтарының әдебиетінде сирек ұшырасатын мемуар жанрының тамаша үлгісі десек қателеспейміз. Кезінде зерттеуші Ш.Уәлихановтың «Тарихи-Рашидидің» қашқар аудармасын парсы тіліндегі түпнұсқамен салыстыра зерттей отырып, оны өз дәуірінің ең үздік әдеби ескерткіші», - деп пікір білдіруі туындының баға жетпес құндылығын көрсетеді.

XIV ғасырдың ортасында дулаттардың қолдауымен билік құрған Тоғылық Темірден бастап, XVI ғасырдың ортасына дейінгі екі жүз жылдай уақытты қамтитын оқиғалар «Тарихи-Рашидидің» алғашқы кітабында әсерлі етіп беріледі. Екінші кітапта автор өзі көрген оқиғаларды тізбектей суреттейді. Осыған қатысты ғалым Ә.Дербісәлиев: «Екінші дәптердің мемуарлық сипаты басым. Оны әдеби-мемуарлық көркем прозаның туған әдебиет тарихындағы алғашқы үлгісіне жатқызуға болады. Онда сан қырлы суреттер мен эпитеттер, тенеулер, айшықты образдар, сондай-ақ, автордың ойға толы жыр жолдары да ұшырасады», – деген пікір айтқан болатын [3, 79].

Бұл шығарманың тарихи жанрына тоқтала келе, көне әдебиет тарихының маманы, профессор Н.Келімбетов: «Жанрлық тұрғыдан келгенде, «Тарихи-Рашидиді» ғылыми еңбек әрі түркі тілдес халықтардың шынайы шежіресі, сондай-ақ, тарихи тақырыпқа жазылған көркем туынды», - деуге болады деген тұжырым айтады [4, 81].

Бұл тұрғыда Ә.Дербісәлі бастаған шығыстанушылар да осындай пікірде болса, ғалым Т.Тебегеновтың жетекшілігімен қазақ әдебиетіндегі шежірелік шығармалардың тарихилығы мен жанрлық-стильдік ерекшеліктері туралы кандидаттық диссертациясын жазған А.Оразбаева М.Х.Дулатидың «Тарихи-Рашидиінің» қазақ әдебиетінің әуезе текті жанрлары (шежіре, заманхат, өмірбаян, мінездеме, тарих, тарихи әңгіме) тұтастана, бірін-бірі толықтыра жазылған шығарма екенін айта келіп, оны әдебиет тарихының күнделік, эссе, мемуар, өмірбаян сияқты жанрларымен үндесетін шығарма деп бағалауы құнды тұжырым.

Жалпы, автор өткен кезең мен өзі өмір сүрген дәуірдің шындығын әңгімеге арқау еткендіктен, оның шығарманың жанрлық, стильдік жағына да өзгерістер қосқанын ескеруіміз

қажет. Қазақ халқының көркем прозасының жанрлық даму құбылысын зерттеуші профессор А. Ісімақова: «Орта ғасырлар кезеңі бұл әдебиеттің ұзақ уақытқа созылған ең жемісті заманы болды», - дей келе, эпикалық жанрдың басқа да түрлері түбі бір түркі халқында ерте кезден дамығанын айтады. ХІҮ-ХҮІ ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихында көркем прозаның үлгісі тек «Тарих-Рашиди» ғана емес екені шындық.

М.Х.Дулари «Тарихи-Рашидидің» жанры жағынан әдеби туындыға жататынын еңбектің кіріспе бөлімінде нақтылап айтады. Бұл кітапты Моғол қағандарының аттары уақыт беттерінен ұмытылып кетпеуі үшін, өз ата-бабаларының тарихын сақтау үшін жазуды мақсат еткені осыған дәлел. Сонымен қатар жазушының: «Тарих - өсиет өлеңі және оның сабақтары аса пайдалы, адамдар бұл ғылымды оқып-үйреніп қана қоймай, оны өзіне тірек етеді», - деген ойымен келіспеске болмайды [5,190].

НӘТИЖЕЛЕР

Жазушылық өнер дегеніміз – өмір құбылыстарын, тарихи сәттерді, ірі тарихи тұлғалардың басынан өткен оқиғаларды тану, түсіну, көзбен көре білу. Өмірді, өткен тарихты білу – әр адамның борышы. Сондықтан жазуға икемі бар адам үнемі өмір шындығын танып-білуге құштар боп, қашанда білімін тереңдетіп жүретін болса керек. Сондай-ақ, көркем туынды әдеби-танымдық тұрғыдан маңызды да мазмұнды болу үшін автордың өмірбаяны да бай, өз басынан өткен өмірлік оқиғалардың мәні, сипаты терең болуы оған аса ықпалын тигізеді. М.Х.Дулари жазушылық өнерге осындай зор құштарлық, мол өмірлік тәжірибемен, жазу қабілетінің бар болып қана қоймай, сол қарым-қабілеттің барлығының өз бойынан – бір жерден табылуының нәтижесінде келгені анық.

«М.Х.Дулари «Тарихи-Рашиди» шығармасына негізделген өмір құбылыстары легін үш топқа бөледі: а) автордың естіген әңгімелері; ә) автордың өз көзімен көрген оқиғалары; б) автордың өз көзімен көрген, адам аузынан естіген, бірақ адам сенгісіз, айтып жеткізу мүмкін емес оқиғалар тобы. Автор бірінші топтағы оқиғаларға қысқаша тоқталып, екінші топтағы оқиғалар жүйесін таратып, жүйелейді, ал үшінші топтағы оқиғаларды мүлде қолданбай, назардан тыс қалдырады», - деген ғалым Ж.Дәдебаевтың пікірі де жазушы туындысын зерделеуде маңызды тұжырым [6, 43].

Осыдан автордың өз материалдарын өмір құбылыстары арқылы танып, оны саралай келе, алдыға қойған мақсаты мен жазушылық көзқарасының қалыптасқандығын көруге болады. Жазушы адамдардан естіген әңгімесін сол күйінде баяндамайды, оны іштей саралап, өзі көрген, білген, шындыққа сай оқиғаларды ғана іріктеп алып, белгілі бір көркемдік-эстетикалық құндылықтардың талаптары бойынша сұрыптап, үлкен танымдық бағасы бар, жоғары мәдени-әлеуметтік мәнге ие еңбек жасады. Бұл - автордың көркемдік-эстетикалық ойлауының, тарихи танымының тереңдігінен, тіл байлығы мен оны баяндауынан туған шығармашылық қасиет.

Автордың өзі «Тарихи-Рашидиде» сипатталған өмір құбылыстарының куәсі, тарихи оқиғалардың қатысушысы және оның қоғамдық-азаматтық, әдеби тұрғыдан баяндаушысы болғандықтан, өзі оқиғаның ортасында болған немесе куәгерлерден естіген өмірлік оқиғалар жиынын сипаттайды, әсіресе тарихи тұлғалар өмірін өзгертпестен, бұрмаламай немесе шатастырмай суреттеу арқылы «Тарихи-Рашидиде» өзінің дүниетанымы, адамгершілік-азаматтық жағдайы мен рухани әлемі, ойлау, сезім ерекшеліктерін танытады.

Жазушының шығармашылығының негізгі өзегі, негізі тарихи оқиғалар болғандықтан, автор тарихи оқиғалардың барысын қарым-қатынас, жанжалдар мен қақтығыстар, адамдар мен тарихи тұлғалар арасындағы келісімдер аясында бейнелейді. Нәтижесінде тарихи оқиғалардың нақ ортасында тұрған адамдардың, қоғам және мемлекет қайраткерлерінің бейнелерін сәтті суреттеп шығады. Бұл М.Х.Дулариның «Тарихи-Рашиди» шығармасына үлкен көркемдік-эстетикалық, тарихи-тәрбиелік маңыз беріп, еңбектің құндылығын арттыра түскен

«Тарихи-Рашиди» еңбегінің арқауында тарихи өмір деректері, мемлекет тарихы, мемлекеттік басқару, мемлекет қайраткерлерінің саяси-азаматтық сипаты, өнер-білім, мәдениет, философия, дін, құқық және жаратылыстану мәселелеріне қатысты көптеген мәліметтер мен құнды деректер болғанымен, олар ғылыми, ғылыми-теориялық талдауға, жинақтауға жатпайтын дүниелер екенін ескеру қажет. Сондықтан ол теориялық тұрғыдан дәлелдеуге келмейді. Автор өмірлік құбылыстарды, олардың заңдылықтарын өз қарым-қабілетінше талдап, сүзгіден өткізіп, барынша өзінің жеке пікірі арқылы дүниетанымдық қорытындылар жасап отырған.

Автор өзі көрген, естіген, оқыған оқиғаларын үзбей суреттеп отырады. Оқиғаның сипаты, мазмұны, уақыты мен орны, себеп-салдары, орындалу тәсілі мен құралдары, т.б. оқырман назарына қалтқысыз ұсынылады. Бұдан «Тарихи-Рашидидің» – орта ғасыр тарихына қатысты тарихи деректердің құнды қайнар бастауы және тарихи-танымдық маңызы терең әдеби-көркем шығарма екенін байқау қиын емес. «Тарихи-Рашиди» тарихи деректердің көзі болғандықтан, бұл оның тарихи-танымдық әдеби шығарма екендігіне шүбә келтірмейді және көркем шығарма ретіндегі бағасына кедергі болмайды.

ТАЛҚЫЛАУ

М.Х.Дулати – жалпы өмірде әдеби шығармаларды көп оқып, оған аса көңіл бөліп, әдебиетті ыждағаттылықпен зерттеген адам. «Тарихи-Рашидиді» жазып бастағанда ол ең алдымен, әдеби дәстүр бойынша, мейірбан әрі қайырымды Аллаға шүкіршілік етуден бастайды. Жазушының айтуынша, «Уағыз-насихат жинағы» үш бөлімнен тұрады. Біріншісі – әлемді жаратқан жалғыз Алла және оның ұлылығы мен құдіреті шексіз екендігі, екіншісі – Мұхаммед пайғамбардың шарифат үкімдері, үшіншісі – тарихи оқиғалар болып келетінін айтқан.

Алламызды барынша беремін деп сипаттап,
Шын пенделік жасадым, енді отырмын қипақтап.
Жалғыздығын Алланың есіме алсам, күйемін,
Дірілдейді жүрегім, сырқырайды сүйегім, - [5, 299]

деп Мырза Хайдар еңбекті жазбас бұрын өзінен іштей сенімділік таппай, сенімсіз болып, оны қалай жеңем деген ойлар мазалағанын айтады.

Ғұламаның тәлім-тәрбиелік ой-пікірлерінен бүгінгі таңда жиі айтылатын имандылық мәселесі айқын көрінеді. Бұған қатысты түйіндер кітаптың өн бойында мақал-мәтел, діни уағыздар түрінде кездесіп отырады. «Бір Аллаға белгілі», «Алла бұйырса», «Алла кешірім етуші» немесе «Алланы ұмытпаған жақсы ісімен көрінеді», «Иманы бардың ұяты бар» деп Алланы үнемі еске алуы адам бойындағы адамгершілік, ізгілік қасиеттердің жоғары болуына нұсқайды. Автордың түсінуінде имандылықтың негізі дене мен ойдың тазалығы, адалдық, шыншылдық, ізгілік пен қайырымдылық сияқты абзал қасиеттермен айқындалады.

Өмірді романтикалық-реалистік суретпен кестелеген «Тарихи-Рашидидің» екінші кітабы орта ғасырлардағы қазақ өмірінің этнографиялық бояуларын, бай әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін бейнелеуге арналған. Жазушы қазақ халқының салт-дәстүрлерін, қақтығысты сәттері мен халықтың қуанышты көңіл-күйін, табиғат құбылыстарының керемет суреттерін шебер қылқалам иесі секілді өрнектей білген. Бұл қазақ әдебиетінің көркемдік-эстетикалық өрлеуіндегі суреткер шеберлігінің нақты көрінісі екендігі даусыз. Мысалы, «Имин қожа сұлтан мен шах Мұхаммед сұлтанның үйлену тойы туралы хикая» деп аталатын 63-тарауда Хадиша сұлтан ханымның Шах Мұхаммед сұлтанмен үйлену тойындағы халықтың көңіл-күйі лирикалық кестемен, романтикалық сарында көрініс табады. Мұнда қаламгердің сыйқырлы проза тілін сыршыл поэзия жалғастырып әкетеді:

Дөңгелеген күмбездей көгілдір сол көк аспан,
Ай менен Күн хәм Шолпан сұлулыққа таласқан.
Жақұт хәм дүр, хәм гауһар, қымбат асыл тастары,
Безендірген олармен мөлдір көктің астарын [5, 394].

Мұнда жазушының шығармашылық шеберлігі сондай Ай, Күн, Шолпан секілді аспан денелерінің өзіне жан бітіріп, той тойлап жатқан бектер мен ақсүйектердің қатарында ән салып, би билетуі өте жанды көрініске айналған. Дөңгеленген көк аспанды асыл тастармен безендіруінің өзі жазушының шабытының шыңын көрсеткендей.

Қараңғы түнде тербетілген күй сазы мен той тойлап жатқан адамдардың көтеріңкі көңіл күйі кәрінің де, жастың да бойын балқытып, ерекше күйге бөлегені сонша, сыйлықтар мен тарту-таралғылар көктен төгіліп, өмірдің қызығына батқан адамдардың қысқа ғұмырдың осындай сәтіне мас болып жатқаны жазушыны бір сәт мұңға бөлейді. Қамшының сабындай қысқа ғұмыр мәңгілік осындай сәттерден ғана тұрмайтынына оқырманының назарын аударғысы келеді.

Жазушының жай ғана қаламмен жазбай, сөзбен сурет салатынын ескерсек, М.Х.Дулатидың табиғат құбылыстарын көрсетуде түн мен күннің ауысу сәттерін бейнелеуі шындығында көркем қаламмен өрнектелген сурет. Адам мен табиғат арасындағы байланысты арқау етпеген қаламгер кемде-кем шығар. Мырза Хайдар да сондай сыйқырлы суретші секілді сөзден өрнекті сурет туғыза білген талантты дарын иесі.

Адамдар мен табиғаттың үйлесімді тіршілігі үнемі психологиялық егіздеумен астасып жататыны көркем шындық. Шығарма құрылысында автор тағдыр талқысының әрбір оқиғасын табиғат құбылыстарымен (теңестіру, нақтылау, алмастыру, т.б.поэтикалық тәсілдер арқылы) кезектестіре баяндай отыра, оқиғаның дәл көрінісін береді.

Жыл мезгілінің суреттерін теңеу, эпитет сияқты көркемдегіш тәсілдермен беруі жазушының кестелі өрнектерінің көркемдік шеберлігін ашады. Ол өзінің Кашмирге келген кезін суреттегенде көк аспанның өзі оның құт қадамын құттықтап тұрғандай, бұлттан жаңбыр тамшыларын шашу ғып шашып, себелеген қар ұшқындарының бейне бір ақша динарларын аспаннан төккендей күй кештіргенін, басына қонған аппақ қардың ақ нұрға айналып бара жатқандай болғанын шынында шебер суреттеп береді.

Табиғаттағы әсем мезгілдің бірі - көктем келгендегі көріністің адам тағдырына ерекше әсер беретінін де үлкен толғаныспен суреттей білген. «Көктем басында бұлт әскері жалынды қылыштай қыннан шығып, найзағай мылтығынан жасын отының көмегімен бұршақ атқылай бастағанда, жасыл әскер соғыс майданында өткір қанжардай қылтиып көріне бастады да, көк жапырақтарының астынан гүл жара бастады» [5, 528]. Мұндағы «бұлт әскері» деп отырғаны - толассыз жауған жауын, «найзағай мылтығынан шыққан жасын оты» - бұршақ, «жасыл әскер» - жерден қылтиып шыққан көк.

Кітаптағы оқырманның назарын аударатын жайттардың бірі – жазушы шығармасының басталуы, оның жай емес Аллаға мадақ айтумен басталуы өзінен бұрын өмір сүрген ғұлама Ж.Баласағұнның «Құтты білік» дастанының кіріспесімен үндес боп келетінін көрсетеді.

Бастаулардың басы еді, оңдысы,
Болды кейін пайғамбардың соңғысы.
Пейіл бұрдым енді оның жолына,
Сүйдім сөзін, сендім ділі оңына.
Илләһә! Менің көңлімді күзеткін,
Қияметте Пайғамбармен бір еткін!
Қияметте көрсет толық жүзінді,
Қолымнан демеп, раббым, өткіз өзімді! –
– дейді Ж.Баласағұн[7, 45].
Қажеті не көп сөйлеп, уақыт алып бекерге!?
Хайдар канша айтса да, ол өзіңе жетер ме?
Әбдірашид шаһыңның өніп-өскен ортасы,
Қап тауынан биік-ті, секілді ойдың ордасы.
Биік сенің, ей, патшам, абыройың, мәртебең,
Жеткізе алмай мен соны күйіп-пісем, өртенем, -[5, 39]

дей келе Х.Дулати өз еңбегін Моғол ханы Әбдірашид ханға арнап, еңбегін оның құрметіне «Тарихи-Рашиди» деп атап, өз патшасының таудан биік көңілі мен асқақ абыройын жеткізсе, Ж.Баласағұн:

Заман саған берді дәулет, берді бақ,
Берсін тәңір тақпен бірге енді бақ.
Мың-мың қолдар сыйын беріп, табынды,
Менің сыйым «Құтадғу біліг», қабыл ал!
Олардың сыйы келіп, кете барады,
Менің сыйым сенде мәңгі қалады, -[7, 46].

деп ол аса құрметті Бураханға еңбегін ұсынып, оған мадақ айта отырып, кітабын сыйға тартады.

Сонымен қатар, «Тарихи-Рашиди» шығармасында баяндалған автордың өмірге келуі туралы әңгіме қазақ халық әдебиетіндегі эпикалық жырларды еске түсіреді. Бұл көрініс әдеби дәстүрге сай келетіндіктен шығарманың әдеби сипатын тереңдете түскен. Екінші кітаптың «Жүніс хан билігінің аяқталуы және оның балалары туралы. Сұлтан Махмұд ханның патшалығы әрі оның істерінің бүліну себептері жайында әңгіме» деп аталатын үшінші тарауында өзінің жас күнінде көтеу ауруына ұшырағанын, дәрігерлерден еш үміт болмағанын, тек Жаратқан иенің тылсым күшімен өзінің аман қалғанын жазады. Сонымен бірге, өзі туылар кезде әке-шешесінің әулиелі жерлерге барып, мазарларға түнеп, дұға қылып, құдайдан бір ұл беруін жалбарына сұрағанын сөз етеді. Өйткені Хайдардың алдында Алла берген төрт әпкесінің болғаны тарихи деректер арқылы бізге мәлім. Мұнда да Аллаға медет ету, зиярат қылу, мінәжат жасау секілді адамның қиналған шақта бір ғана Жаратушы иесіне сенетінін айтады. Осыншама тілек-мінәжаттан кейін Алла оның ата-анасының тілеуін қабыл етіп, өзінің дүниеге келгендігін, Алладан шын сұрасаң, тілеуіннің орындалатынын осы бір мысал арқылы дәлелдеп береді.

Бұл дерек қазақ халық ауыз әдебиетіндегі, әсіресе эпостық жырлардағы батырдың дүниеге келуімен үндес. Батырдың әке-шешесі бір перзент аңсап, әулиелерді зиярат етіп, басына түнеп, Аллаға жалбарынып-жалынуы, ақыр соңында Жаратушының олардың тілегін қабыл етуі секілді ұқсастықтар шығарманың әдеби-көркемдік сипаты мен автордың суреткерлік шеберлігінің шыңын көрсетеді.

«Тарихи-Рашидидің» екінші кітабында бірінші кітаптағы автордың дүниетанымының жалғасы ретінде Моғолстан атанған қазақ елінің географиялық кеңістігі, табиғаты мен этнографиялық дәстүрлері философиялық ойлармен беріледі.

Мұнда да жазушы бүкіл әлемнің мәңгілік болмай, күндердің күнінде күзгі гүлдей солатынын, мәңгі ғұмырдың тек Жаратушы Аллаға ғана тән екенін, адамзат баласының бұл өмірде қонақ екенін, сондықтан қысқа ғұмырды мағыналы, мәнді өткізу керектігіне назар аудартады. Жамандықтан жиреніп, жақсылықты үйрену, Алланың берген мол мүмкіндіктерін тек пайдалы істерге пайдалану қажеттігі айтылады. Қаламгердің бұл ойлары қазақтың ұлы ақыны Абайдың ойларымен сабақтасып жатыр. Ақынның «Адам болам десеңіз...» дей келе өсек, өтірік, мақтаншақтық, еріншектік, мал шашу сияқты «бес дұшпаннан» аулақ болу мәселесі, сонымен қайшы талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақымды қалайтын «бес асыл ісімен» бірдей емес пе?! М.Х.Дулатидың шебер суреткерлігі оның кітапты жай сөзбен сипаттамай, жан-жақты, философиялық ойлармен ұштастырып жазуынан аңғарылады.

Дүниедегі ұлы сезімдердің бірі – достық. Сондықтан жақсы достың адам өмірінен алар орны ерекше. Бұл дүниеде азғындықта, күнә істерде бірге болған достардың ақыретте бір-біріне дұшпан болатыны, керісінше имандылықта, тақуалықта, діндарлықта дос болған жандардың олардың қатарында болмайтындығы жөнінде Құран аяттарында да айтылған. М.Х.Дулати да осы мәселені назарынан тыс қалдырмаған. «Тарихи-Рашидиде» Сұлтан Саид ханның Рашид сұлтан мен Хайдарды шақырып, екі бадам дәнін беріп, оларды достастыруы өте нәзіктікпен суреттеледі. Екі адам бір-бірімен дос болғысы келсе, бадамның бір-бір дәнін жеуі керектігін айтып, оның мағынасы – екі дән бір қабықта болғандықтан, бір-бірінен бөлек

болмай, нағыз бірлікте болатынын мысал етіп, сендерге осындай тілек тілеп, дос болындар деген Сұлтан Саид ханның ерекше ықыласын, ыстық пейілін тамаша бейнелеп берген.

Достық, бірлік, мейірімділік, сенім сияқты қасиеттер - адамның ең жақсы қасиеті екенін автордың көзқарасы анық аңғартады. Расында адамның достығы бір жаңғақтағы қос дәнектей болуы керек. Жаңғақ жарылмаса, оның дәнектері ешқашан бір-бірінен ажырамайды. Достық дегеніміз – екі достың бір-біріне сенімділігі, бірлікте болуы. Автор адамдардың достығының бір жаңғақтың ішіндегі қос дәнектің ажырамас бірлігіндей болуы қажеттігін дәл осындай қарапайым мысалмен дәл жеткізеді.

Рашид Сұлтан екеуінің өмір жолы алшақтап кеткен сәтін қынжыла баяндайды. Қоштасу күйігінің жүз мың дертпен тең екендігі, өзіне мейірімділік пен достықтың жолын сілтеген Әбдірашид шақтың пейілінің тасыған мұхиттай екенін, ендігі кезекте осындай адамды кездестіре ме, жоқ па ол жағы беймәлім екенін айтып, қимастықтың қайығына мініп амалсыз айырылысып бара жатқанына қиналады. Бұл жерде туған бауырдай болып кеткен адамдардың қоштасуының қиындығы, бір-біріне деген ыстық достық, қимастық сезім, мейірімділік философиялық ой ұшқындарымен әдемі берілген.

Кейіпкерлер портретін жасауда М.Х.Дулатидың өзіндік шеберлігі айқын көрінеді. Рашид хан образын сомдауда оның істі талдап шешуде, адамды тануда әлсіздік танытқанымен, денсаулығы жақсы, сөзді дұрыс таңдап сөйлеуде замандастарының алдыңғы қатарынан екендігі, мергендігі жағынан онымен жарысатын адам сирек кездесетінін көрегендікпен сөз етеді. Оның шешендігі турасында суреттегенде жай сөздің өзін сұлулық теңізіндегі қайталанбас гауһарға айналдыратынына және музыкалық аспапта орындаушылық шеберлігін айтқанда Шолпан чангі үнінің өзі солғын тартып қалатынына назар аудартады. Сонымен қатар, туа біткен дарын иесі - ханның өнер мен кәсіптің барлық салаларында өте шебер, әмірлермен хат алмасу кезінде қағаздан ағаш пен оның жапырақтарын қиып алатын ерекше қабілеті туралы да айтылады. Бұл ой тамшылары нағыз суреткерге тән шығарма авторының қаламынан сәтті шыққан. Бір қарағанда, бұл қарапайым әңгіме сияқты көрінгенімен, «ерлік орманындағы арыстан», «айдаһарды жұтқан ақула», «сұлулық теңізіндегі қайталанбас гауһар тастай» сияқты тың тіркестер оның асқан шеберлігін көрсетеді. кейіпкер бейнесін сомдай білген дарынды сөз шебері, сөз кестелерін әдемі өрнектермен жеткізе білген өнерпаз. Әңгіменің баяндауында суреткердің өз ойын өлең арқылы түйіндеуінің өзі де оның әдебиет тарихындағы ұзақ әдеби дәстүрді жалғастырғанын көрсетеді. Жазушы өзінің жазу тәжірибесін әдеби дәстүр бойынша қалыптастырған секілді.

«Тарихи-Рашидиде» М.Х.Дулатидың әдеби қабілетіне, өмірге көзқарасына қатты қамқоршы болған мемлекет қайраткері әрі туған бөлесі Бабыр туралы да кеңінен қалам тербелген. Туған бөлесі Бабырдың қолында біраз уақыт болып, оның тәрбиесін көргенін де жасырмай айтады. Хайдар туралы Бабыр да өзінің жақсы ойларын қалдырған еді. Хайдардың өте білімді, тәрбиелі, өнерлі жас екенін айта келе, садақ тартудың хас шебері болғанын, сөз саптауының тамаша екенін де айтып, оның сөйлеу мәдениетіне де жоғары баға береді.

М.Х.Дулати өз халқының өлеңге деген шексіз сүйіспеншілігін парасаттылықпен меңгерген. Ақыл адамның сезімін оятып, жан дүниесіне тікелей әсер ететінін жақсы түсініп, елді қарумен, қантөгіспен бағындырғысы келетін хандарға дүниені күшпен жаулап алмау керектігін, өйткені мұндай істің артында сансыз қайғы-қасірет болатынын, керісінше адамның жан дүниесін жаулап алсаң, қаншама мол дүниеге кезігетінінді насихаттап, әркез ашуды ақылға жеңдіру қажеттігін айтады.

Сондай-ақ М.Х.Дулати «Тарихи-Рашиди» еңбегінде адамзат баласына ғана тән қасиет - адамгершілік, парасаттылық туралы философиялық ой толғап, оны көркем тілмен суреттеген. Адам парасатты ақылдың арқасында, оның жарқыраған нұрының арқасында бақытсыздықтың қараңғылығынан шыға алады дейді. Адамның ақыл-ойы кез келген мақсатқа жету жолында адамның тағдырын шешетінін меңзейді.

Парасатты ақыл - нағыз ерліктің жол сілтеушісі және шендік тұрғыдан ақыл батырлықтан үстем. Ақылдылық пен парасаттылықтың пайдасы жебе мен семсерден артығырақ. Жебе қаншалықты айшықты болғанымен, жеңіске тек ақыл жетелейді. Ұрыс

алаңында найзаның ұшы қанша жарқылдаса да, айла, ақыл ұшқыны ғана жеңіс нұрын себері анық екенін пайымдап жеткізеді. Адамның басты қасиеті адамгершілік болса, оның санадағы бір көрінісі – парасат. Яғни, М.Х.Дулати бұл қасиеттерді адамзат баласының ақиқаттары мен мұраттарының бастауы деп философиялық тұрғыдан түсіндіреді. Оның бұл ойлары «Ақыл - түнектегі шаммен тең» деген тұжырымға да сәйкес келеді. Демек, жазушының бұл ойларынан шығатын түйін: қанша ғасыр өтсе де, заман өзгерсе де, ұлы ғалымдардың ойлары мен өнегелері ешқашан ескірмейді, тозбайды. Қайта дәуір өткен сайын ұрпақтан-ұрпаққа нұрын шашып, тарих қойнауынан сыр тартып, асыл қазынаға айналып, жаңара түспек.

ҚОРЫТЫНДЫ

Ойымызды қорытындыласақ, М.Х.Дулатидың «Тарихи-Рашиди» шығармасы - тарихи тұрғыдан да, тәрбиелік мәні, өзекті мазмұны, тартымды сюжеті жағынан да оқырман үшін аса құнды туынды екеніне көз жеткіздік. Тарихи шындық негізінде жазылған бұл шығарма М.Х.Дулатиды қарымды қаламгер ретінде көрсетеді. Өз еңбегінде ол ойын дидактикалық, философиялық, психологиялық тұрғыдан зерделеп, жан-жақты, терең түсінуге мүмкіндік береді. Сондықтан «Тарихи-Рашиди» туындысы әдебиеттің өзекті мәселелерін көтерген шығарма ретінде ешқашан құндылығын жоғалтпақ емес. Оның өз заманының салмақты жүгін аркалап, күрделі де өзекті мәселелерді сөз еткен шоқтығы жоғары шығарма екеніне еш күмән жоқ.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Hazratkulova E. The Role Of Letters In “Baburnoma” And “Tarihi Rashidiy //The American Journal of Social Science and Education Innovations (ISSN – 2689-100x). The USA Journals Volume 02 Issue 09-2020.Published: September 29, 2020 | Pages: 452-464 Doi: <https://doi.org/10.37547/tajssei/Volume02Issue09-70>
- 2 Jemeney I., Behruz B., Begalieva A.K. Translations and manuscripts of the work «Tarih-i Rashidi//Journal of history. №1 (92). 2019
- 3 Дербісәліев Ә. М.Х.Дулати. Өмірбаяндық-библиографиялық анықтамалық. – Алматы: Рауан, 1999.
- 4 Келімбетов Н. Қазақ әдебиеті бастаулары. – Алматы: Ана тілі, 1998.
- 5 Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. – Алматы: М.Х.Дулати қоғамдық қоры, 2003.
- 6 Дәдебаев, Ж.Д. Мұхаммед Хайдар Дулати - дара һәм дана тұлға. // М.Х. Дулатидың 515 жылдығына арналған «М.Х. Дулати оқулары - тарихи танымы мен қазіргі кезең» тақырыбындағы «М.Х.Дулати оқулары» Халықаралық ғылыми практикалық конференциясының материалдары. - Дәдебаев, Ж.Д., 2014. - 40-43 б. - (VIII Дулати оқулары).
- 7 Баласағұн Ж. Құтты білік (Көне түркі тілінен аударған және алғысөзі мен түсініктерін жазған А.Егеубаев). – Алматы: Жазушы, 1986.
- 8 Muhammad Bobur (2002), Baburnoma. East. Tashkent- p.145

Материал 10.11.2023 баспаға түсті

Труд М.Х.Дулати «Тарихи-Рашиди» – литературно-художественное произведение
Т. Р. Абдыкадырова¹, Г. Т. Абдыханова¹, Ж.А.Агабекова²

¹Таразский региональный университет им.М. Х. Дулати, Тараз, 080000, Республика Казахстан

²Назарбаев Университет, Астана, 010008, Республика Казахстана

В статье речь идет о литературе, которая поднимется в произведении «Тарихи-Рашиди» ученого средневековья, первого историка казахского народа, писателя, поэта, полководца Мухаммеда Хайдара Дулати. Описывая с эпическим дыханием главные

исторические события в жизни страны, судьбу государства, жизнь и судьбу исторических личностей, ставших в центре этих событий, автор представляет произведение «Тарихи-Рашиди», очень ценное и незаменимое, отражающее историю, географию, литературу и культуру современного Казахстана, Узбекистана, Восточного Туркестана, Афганистана, Индии, Тибета в XV-XVI веках как источник. В статье анализируется произведение М.Х.Дулати с дидактической, философско-психологической точки зрения, доказывается, что труд является историко-познавательным литературным произведением. Мысли писателя, связанные с управлением государством, сопоставляются с поэмой Ж.Баласагуна «Құтты білік».

Ключевые слова: Дулати, Тарихи-Рашиди, Моголстан, история, литература, писательское искусство, проза, поэзия.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Hazratkulova E. The Role Of Letters In “Baburnoma” And “Tarihi Rashidiy // The American Journal of Social Science and Education Innovations (ISSN – 2689-100x). The USA Journals Volume 02 Issue 09-2020. Published: September 29, 2020 | Pages: 452-464 Doi: <https://doi.org/10.37547/tajssei/Volume02Issue09-70>
- 2 Jemeney I., Behruz B., Begaliev A.K. Translations and manuscripts of the work «Tarih-i-Rashidi// Journal of history. №1 (92). 2019
- 3 Дербисалиев А. М. Х. Дулати. Библиографический справочник. - Алматы: Рауан, 1999.
- 4 Келимбетов Н. Истоки казахской литературы. - Алматы: Родной язык, 1998.
- 5 Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. - Алматы: Общественный фонд М.Х.Дулати, 2003.
- 6 Дадебаев Ж. Д. Мухаммад Хайдар Дулати-человек мудрый. // Материалы Международной научно - практической конференции «Дулатовские чтения» на тему «Дулатовские чтения - историческое познание и современный период», посвященной к 515-летию М.Х.Дулати. - Дадебаев, Ж. Д., 2014. - с. 40-43 - (VIII Дулатовские чтения).
- 7 Баласагун Ж. Құтты білік (перевод с древнетюркского языка и написание предисловий и понятий А. Егеубаев). - Алматы: Писатель, 1986.
- 8 Мухаммад Бобур (2002), Бабурнома. Восток. Ташкент - 145 p.

Материал поступил в редакцию журнала 10.11.2023

The work of m.kh.dulaty «Tarihi-rashidi» is a literary and artistic work

T. R. Abdykadyrova¹, G. T. Abdykhanova¹, Zh.A.Agabekova²

¹M.Kh.Dulaty Taraz Regional University, Taraz, 080000, Republic of Kazakhstan,

²Nazarbayev University, Astana, 010008, Republic of Kazakhstan

The article deals with the literature that will be discussed in the work “Tarihi-Rashidi” written by the medieval scientist Muhammad Haidar Dulati, the first historian of the Kazakh people, writer, poet, commander. The work “Tarihi-Rashidi” is presented as a valuable and irreplaceable source reflecting the history, geography, literature and culture of modern Kazakhstan, Uzbekistan, Eastern Turkestan, Afghanistan, India and Tibet of the 15th-16th centuries.

The writer describes the main historical events in the life of the country, the fate of the state, the lives of historical figures who became the center of these events. The article analyzes the work of M.H. Dulati from a didactic, philosophical and psychological point of view, and proves that the work is a historical and educational literary work. The writer’s thoughts related to state management are compared with the poem “Kutty bilik” by Zh. Balasagun.

Key words: Dulaty, Tarikhi-Rashidi, Mogolstan, history, literature, writing, prose, poetry.

REFERENCES

- 1 Hazratkulova E. The Role Of Letters In “Baburnoma” And “Tarihi Rashidiy // The American Journal of Social Science and Education Innovations (ISSN – 2689-100x). The USA Journals Volume 02 Issue 09-2020. Published: September 29, 2020 | Pages: 452-464 Doi: <https://doi.org/10.37547/tajssei/Volume02Issue09-70>
- 2 Jemeney I., Behruz B., Begaliev A.K. Translations and manuscripts of the work «Tarih-i-Rashidi// Journal of history. №1 (92). 2019
- 3 Derbisaliev A. M.Kh. Dulaty. Biographical and bibliographic reference. - Almaty: Rauan, 1999.
- 4 Kelimbetov N. The origins of Kazakh literature. - Almaty: native language, 1998.
- 5 Dulaty M.Kh. History-and Rashidi. - Almaty: M. Kh. Dulaty Public Foundation, 2003.
- 6 Dadebaev, J. D. Muhammad Haidar Dulaty-a wise man. // Materials of the International scientific and practical conference «readings of M. Kh. Dulaty» on the topic «readings of M. Kh. Dulaty-historical knowledge and the modern period», dedicated to the 515th anniversary of M. Kh. Dulaty. - Dadebaev, J. D., 2014. - pp. 40-43 - (VIII Dulaty readings).
- 7 Balasagun J. Kutty bilik (translation from the ancient Turkic language and writing of prefaces and concepts by A. Yegeubaev).- Almaty: Writer, 1986.
- 8 Muhammad Bobur (2002), Baburnoma. East. Tashkent- p.145

Received: 10.11.2023

IRNTI 17.82.30

DOI: [10.59102/kufil/2023/iss4pp80-91](https://doi.org/10.59102/kufil/2023/iss4pp80-91)

G.Zh. Abylkassov¹, L.I.Mingasova², A.A.Absadykov³

¹Kokshetau University named after Sh. Ualikhanov, Kokshetau, 020000, Republic of Kazakhstan

²Kazan Federal University, Kazan, 420066, Russian Federation, Republic of Tatarstan

³Akhmet Baitursunly Kostanai regional university, Kostanai, 110000, Republic of Kazakhstan

I. SALAKHOV – FATE AND LITERATURE

The article explores the novel "Tragedy of Kolyma" (Kolima kasireti), providing profound insights into the personality of Ibrahim Salakhov. It investigates the promotion of creative works by Tatar-Bashkir intellectuals such as Galymzhan Ibragimov and Majit Ghafuri among the general populace. Ibrahim Salakhov's personage is characterized by critical realism, a literary trend that is evident in the novel. The narrative delves into real events that transpired in the life of the writer, showcasing the influence of social conditions on human behavior.

The article analyzes Ibrahim Salakhov's novel "Tragedy of Kolyma". The objective is to uncover the multifaceted layers of the narrative, shedding light on the author's perspective on the prison environment. A particular emphasis is placed on portraying the distinct lexicon prevalent in the prison setting and illustrating the relentless conflicts between inmates and their custodians.

The article strives to provide readers with a nuanced comprehension of the variances in prison life through authentic situations depicted in Salakhov's literary work. The narrative extends to the historical mistreatment and persecution faced by eminent Kazakh and Tatar writers, including figures such as Galymzhan Ibragimov and Kawi Najmi. The article observes the incorporation of memoiristic elements in Salakhov's work shifting focus towards the transformative and innovative personality of Galymzhan Ibragimov, a forward-thinking intellectual of his era. Noteworthy is the frequent use of artistic literary devices such as narratives, digressions, and monologues, which further enrich the narrative style of Salakhov's literary works.

Key words: memoir, epistolar heritage, enemy of the people, critical realism.